

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ҚҰРМЕТ ОРДЕНДІ  
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ»  
ЖУРНАЛЫНЫҢ ЕКІ АЙДА  
БІР ШЫҒАТЫН ҚОСЫМШАСЫ

ҚАҢТАР-АҚПАҢ

1993 жылдың  
шілде айынан  
бастап шығады

№1, 1996

"Ғылым ордасы" РМК  
Ғылыми кітапхана



P 0366062

**АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ:**

**Мәлік АСЫЛБЕКОВ,**  
тарих ғылымының докторы,  
ҰҒА корреспондент-мүшесі

**Жабайхан ӘБДІЛДИН,**  
философия ғылымының докторы,  
ҰҒА академигі

**Салық ЗИМАНОВ,**  
жаң ғылымының докторы,  
ҰҒА академигі

**Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,**  
тарих ғылымының докторы

**Кеңес НҮРПЕЙІСОВ,**  
тарих ғылымының докторы,  
ҰҒА корреспондент-мүшесі

**Мәдениет МӘЖЕНОВА,**  
тарих пәні мұғалімі

**Талас ОМАРБЕКОВ,**  
тарих ғылымының докторы

**Самат ӨТЕНИЯЗОВ,**  
тарих ғылымының кандидаты

**Зейнолла САМАШЕВ,**  
тарих ғылымының кандидаты

**Қуаныш СҰЛТАНОВ,**  
Қазақстан Республикасының ҚХР-  
дағы Төтенше және өкілетті елшісі

**Абай ТАСБОЛАТОВ,**  
тарих ғылымының кандидаты,  
генерал-майор

**Әбу ТӘКЕНОВ,**  
тарих ғылымының докторы,  
профессор

**Тотай ТҮРЛЫҒҰЛОВ,**  
педагогика ғылымының кандидаты

**Оразақ ЫСМАҒҰЛОВ,**  
тарих ғылымының докторы,  
ҰҒА корреспондент-мүшесі

Қосымша редакторы — Әбділдабек САЛЫҚБАЕВ

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**


Сайраш ӘБШЕВА — бас редактор

Құрманғазы БЕКСАЙЫНОВ — жауапты хатшы,

Ардақ КӘКІТАЕВ — бас редактордың орынбасары,

Қабділрашид ҚАЙЫМ

Құлтөлеу МҰҚАШЕВ — бас редактордың бірінші орынбасары







## НЕСТОРИАН ДІНИНІҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫ АРАСЫНДА ТАРАЛУЫ

Сағын СУҢГАТАЙ,

Ә. Марғұлан атындағы археология институтының аспиранты

Орта ғасырларда Еуразияның батысы мен шығысының қарым-қатынасында тоғыз жолдың торабы Шығыс Түркістан, Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия сан алуан мәдениеттің, өнердің және діннің тоғысар түйіні болған. Будда, Манихей, Зөрдүш, Ислам діндерімен қатар христиан дінінің несториандық тармағы осы елдерге кеңінен таралып, бірде күшейіп, бірде бөседеп мың жылдай өмір сүреді. Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан Жібек жолының бойына орналасқан Идиқұт, Қожо, Бесбалық, Шамбалық, Күсән, Алмалық, Үдүн, Кроран, Қаялық, Сұяб, Тараз, Ақбешім, Испиджаб (Сайрам), Отырар, Иасы, Құлан, тағы басқа көптеген байырғы қалалар әр алуан діндердің ірі орталықтарына айналады. Бұл туралы елімізде де, шетелдерде де қыруар тарихи және археологиялық зерттеулер жасалады. Осы мәселелердің қатарында тарихшылардың назарын аударып, қызықтыра түсетін бір құбылыс — сол кезде несториандық дін ағымы Жібек жолының негізгі жол өтпелерінен шеткерілеу жатқан солтүстік далаларда, атап айтқанда, Дегіті Қыпшақ, Алтай-Саян таулары, Жетісудың солтүстік аймақтары және монғол даласындағы көшпелі түркі тайпалары арасына да таралып, белгілі ықпал туғызуы еді.

Христиан дінінің несториандық тармағы ең әуелі Византиядағы православие шіркеуінде пайда болады. Оның негізін қалаушы — Нестори (біздің дәуіріміздің 380—451). 428 жылы Рим патшасы оны Византиядағы Константинопольдің патриархы етіп тағайындайды. Ол христиан дінінің дәстүрлі қағидаларына қарсы шығып, «құдай-адам» жайлы мистикалық-христиандық ұғымды

сынайды. Несторидың пікірі бойынша, қасиетті қыз Мариядан кәдімгі адам туған. Кейіннен ол адамға төн әлсіздікті жеңіп, төңірдің ұлы (Миссия) дәрежесіне жетеді. Ал христиан дініндегі Ортодоксты діни ілім адам мен төңірі бір жаратылған деп есептейді. Сөйтіп, нестори және оны жақтаушылар «дін бұзарлар» деген атпен айыпталып, шіркеуден қудаланған. Олар содан Кіші Азия, Иран, Орта Азия іспетті жерлерге кетіп, дін таратады. Оның пікірін жақтаушылар несториандар деп аталады. Несториан діні осылайша бүкіл шығысқа кеңінен таралып кеткен. Бұл дінді таратушылардың көбі сүриялықтар (сириялықтар) болған.

Ежелгі қазақ жеріндегі түркі тектес тайпалардың ең алғаш христианизммен жақындасуы біздің заманымыздың VI—VII ғасырлары, яғни Түркі Қағанаты дәуірінде болған. Бұл туралы бізге жеткен тарихи деректер тым мардымсыз. Француз тарихшысы Шаванс алғаш христианизм болған түріктер туралы ежелгі шығыс Рим тарихшыларының жазбаларына сүйене отырып былай деп жазады: «Рим тарихшысы Симукатаның жазуынаша, 591 жылы шығыс Рим императоры Маврипарсы шахы II Хұсырауға көмеккерлер шығарып, Түрік қағанына қарсы соғысады. Соғыста қолға түскен түрік тұтқындарын парсылар Константинопольге алып барған. Сонда маңдайларына крест белгісі салынған түрік жасауылдарын көріп Рим императоры қатты таңданады. Сөйтін тұтқындардың айтуынаша, оларды жас уақыттарында түрік елінде жәрпалы ауру тарапты. Христиан миссионерлері аурудың алдын алды деп түрік балаларының маңдайларына крест белгісін салыпты. Содан баптап олар христиан дініне кірген»



«...». Бұған талдау жасай келіп, Шаванс былай дейді: «Христиан діні Қаңлы түріктеріне (қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігі) заманымыздың 561 жылдары тараған болса керек. Бұлай дейтіміз маңдайларына крест белгісі бала кезінде салынған түрік жасауылдары Римге қолға түскен кезде көпшілігі бізден неше ғасырда еді. Сөйтіп 591 жылдан кем дегенде отыз жыл бұрын христиан діні түріктер арасына тараған болады<sup>1</sup>. Көшпелі түріктер арасына христиан діні батыс Азиядан келген және Орта Азияның отырықшы аймақтарының Мәуереннахр және Хорасандағы христиан миссионерлері арқылы таралған деп топшылау орынды. Өйткені бұл кезде ұлы Жібек жолының бойындағы астамы саяси және экономикалық билік Түрік Қағанатының қолында еді. Ал жоғарыдағы өлкелер сол дәуірде епископикалық дәрежелі шіркеулері бар христиан дінінің шығыстағы ірі орталықтары болғаны мәлім. Орта Азияда несториандықтың негізгі орталығы Мервте көптеген монастрлер болған және метрополит өмір сүрген. VII ғасырда метрополия Самарқанда да болған. Тегінде несториандар Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігіне осы жерден өткен болуы керек. VIII—XI ғасырлар белесінде несториан Клирі қарлықтар Жабғуын христиандыққа мойынсындырып, ерекше қарлық метрополиясын құрған. Деректемелерге қарағанда, Шігілдердің де арасында христиандар болған. Таразда, Меркеде шіркеулер жұмыс істеп, Сырдарияның төменгі бойында христиандар тұрған... Ортағасырлық Испиджаб қаласының орнынан табылған таскелі христиандықтың символдары — крест және көгершін суреттері бедерлеп салынып, сәнделген. Жетісудан несториан бедері бар қыш тақта, христиандықтың таралуына байланысты әдебиетке аникофтық және григорофтық деген атпен белгілі екі күміс табақша табылған. Олардағы бейнелерде желгі христиан иконографиясының үлгілері бар. Екі табақша да Жетісуда жасалған. Жетісуда тағы Ақбешім қаласының ескі жұртынан археологиялық қазба кезінде өуелгі ортағасырлық шіркеу қалдықтары

шыққан<sup>2</sup>. Тағы бір айта кететін жайт, несториан діні Қытайдың орталық өлкелеріне де Қазақстан және Шығыс Түркістан арқылы тараған еді. Несториан дінін қытайдың көне деректемелерінде Жин жияу діні деп атаған. Ол Қытайға ең алғаш заманымыздың 635 жылы Орта Азиялық миссионер Алобын деген адам арқылы тараған. Қазір қытайдың байырғы тарихи астанасы Ши-ан қаласындағы тарих мұражайында сақтаулы тұрған, сүрия тілінде жазылған «Несториан дінінің Қытайға таралуы естелігі» деп аталатын тасбітікте бұл анық баяндалған<sup>3</sup>.

Христиан дінінің екінші рет қазақ тайпаларының арасында таралуының өрлеу кезеңі — XI—XIII ғасырлар. Алтай, Саян таулары, Жетісу, Дешті Қыпшақ және Монғол далаларында өмір сүрген, кейін біртұтас қазақ ұлтын құраған найман, керей, қыпшақ, меркіт, уақ, қарлық, қаңлы, т.б. тайпалар бұл дәуірде ішінара, кейбірі түгел дерлік несториан дінінің ықпалында болды. Несториандық діни сенім аталған тайпалар арасына соғды, парсы, ұйғыр және шам (сүрия) саудагер-миссионерлері арқылы тараған болса керек. Өйткені Жібек жолының бойымен осы елдердің саудагерлері орта ғасырларда шығыстан батысқа, батыстан шығысқа дейін үздіксіз сабылып жатады. Олар солтүстіктегі көшпелілерді де шиырлап соғып өтеді. Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер солтүстіктегі даланы басып өтетін Жібек жолының «Далалық тармағында» болғанын анықтады<sup>4</sup>. Бұл жолдармен көрші ел көпестермен қатар қазақтың да өз сауда керуендері қатынап тұрған. Міне, осындай жиі сауда-саттық қатынастар барысында өзара мәдени, діни ауыс-күйіс алмасулардың болуы табиғи.

Керей, найман қатарлы қазақ тайпалары туралы парсы тарихшысы Рашид-ад-дин өзінің «Жәмиғат-тауарих» еңбегінде едәуір мол деректер жазады. Мәселен керейлер туралы былай деп жазған: «Ол кезде олар (керейлер) өзге тайпаларға қарағанда күшті еді. Ғайсағатабыну олардың салты. Олар ғайсағатабынның дініне сенетін<sup>5</sup>». Ал Бартольд: «Сүрия хикаяларында керейлердің

1. Шаванс «Батыс түріктері тарихы туралы деректемелер» (қытай тілінде). Пекин. 219-бет; Линь «Түрік және ұйғыр тарихы туралы мақалалардан таңдамалылар» (қытайша). Пекин. 314-бет.

2. Қазақ ССР тарихы. Алматы. 1980. 1-том (қазақша). 449—450-беттер.

3. Фаң хау «Қытай мен батыстың қарым-қатынас тарихы» (қытай тілінде). Пекин. 418-бет.

4. Қазақ ССР тарихы. Алматы. 1980. 1-т. 425-бет.



христиан дініне кіруі айтылады. Онда керейлер христиан дінін, христиан саудагерлері арқылы үйренген делінеді», — деп жазса<sup>6</sup>, қытай тарихшысы Ваң Жылай: «Сүрия тарихшысы Барр Хобраудың айтуынша, Мертегей христиан діні патриархының біздің дәуіріміздің 1009 жылы Багдадтағы христиан попына жазған хатында керейлерден екі жүз мың адам өздерінің ханымен бірге шоқыну салтын өткізді. Хандары христиانشа ат қойды делінген»<sup>7</sup>, — деген деректі келтіреді. Демек, бұған қарағанда керейлер XI ғасырдың басында-ақ несториан дінін ұстана бастаған. Олар өздеріне христианша ат қойғаны шындық. Рашид-ад-диннің кітабында: «Керей ханы Уаң хан тұғырылдың атасының аты Маркос еді. Оның енді бір аты Бұйрық хан болатын», — деп жазылған<sup>8</sup>. Демек, Бұйрық хан оның түрікше аты, ал Маркос оның діни есімі болса керек. «Марко Поло керейлер еліне барған кездегі керей ханының аты Героги — ол Уаң ханның төртінші немересі болатын»<sup>9</sup>. Керейлердің бізге беймәлім тағы бір ханының атын Марко Поло Престер Жохо деп жазған<sup>10</sup>: Ал бүгінгі қазақ ішіндегі керейлердің рулық таңбасы — «», «», ашамай немесе крест белгісі керейлердің несториан дініне кіріп, Ғайсаға шоқынып, крест тағып жүруімен сөзсіз байланысты ма деп ойлаймыз. Мұның тамаша бір археологиялық айғағы «Монғолиядағы» Июх-архан өзенінің бойындағы керейлерден қалған бір құлпытаста бұғы, қабан суретімен бірге ашамай немесе крест белгісі қойылған. Онда және орхон жазуымен «Марымыз, Шадымыз» деген сөздер жазылыпты. Мұндағы «Мар — христиан дініне үгіттейтін ұстаз (сүрия тілінде), Шад — ел басқарушы (түрікше) деген сөз»<sup>11</sup>.

Бұл арада біз шығыстағы христиан дінінің таралуына байланысты он екінші ғасырдың орта шенінде Еуропада — христианизм дүниесінде таралған мынадай бір ғажайып

анызды айта кеткіміз келеді. Ол кезде Еуропадағы христиан мүридтерінің 1096 жылы басталған шығысқа қарата крест жорығы жүргізіліп жатқан еді. Аңыз бойынша, Азияда поп Жон атты бір христиан патшасы билеген аса күшті христиан мемлекеті бар-мыс. Сол патша Персияда мұсылмандарды жеңіп, қасиетті Иерусалимге бет алыпты. Олар біздің нағыз одақтасымыз болмасын деген қауесеттер тарайды. Әуелі француз патшасы мен Рим папасы поп Жонды іздетіп бірнеше рет елші жіберсе де таба алмайды. Ал Париждің мемлекеттік кітапханасында күні бүгінге дейін поп Жон патшаның Рим папасы мен Франция патшасына жазған ай-күні белгісіз жиырма неше парша хатты сақтаулы екен. Ал поп Жон патшаның кім екендігі туралы өз кезінде сай алуан пікірлер болыпты. «XI ғасырдағы сүрия тарихшысы Барр Хабрау керей тайпасының ханы Уаң хан Тұғырыл сол поп Жон патша деп жазған. Мұны Марко Поло да өз естеліктерінде солай деп есептеген. Бірақ 1253 жылы Монғолияға дейін сапар шеккен Еуропа жиһанкезі Вильгельм Рубрук Шыңғыс хан жағына жоғалтылған Найман ханзадасы Күшілікті патша поп Жон болса керек», — деп жазады жапон Майжима Шинжы<sup>12</sup>.

Ал енді наймандардың дәл қашан мезгілден бастап христиан дінін кіргені туралы дерек аз. Бұл туралы Рашид-ад-дин де, Жувейни де «Көпшілік наймандар христиан мүридтері еді», — деп қана жазады. Вильгельм Рубрук та өз естеліктерінде наймандардың несториан мүридтері екенін жазады<sup>14</sup>.

Монғолтанушы ғалым Владимирцов: «Наймандар — монғол даласындағы ең мәдениетті тайпа... Найман еліне келген саудагерлер найман қоғамындағы жоғары жікке зор ықпал етті. Наймандардың көбі несториан ағымындағы христиан мүридтері еді»<sup>15</sup>, — деп көрсетеді. Ал Бартольд «Жалпы алғанда XI-XII ғасырда

5. Рашид-ад-дин. Жәмиғат тауарих (қытайша басылым). Пекин. 1986. 1-т. 1-бөлім. 207-бет.

6. Бартольд В. В. Орта Азияның қысқаша тарихы. Үрімжі. 1981. 131-бет.

7. Ваң Жылай. Орта Азия тарихының очерктері (қытайша). Ху-Нан. 414-бет.

8. Рашид-ад-дин. Жәмиғат-тауарих» 1-т. 1-бөлім. 211-бет.

9. Су Бэихэй «Юань әулеті дәуіріндегі керейлер туралы» «Шинь Жияң педагогикалық университетінің ғылыми журналы» (қытайша). 1987. № 1.

10. Ханада Торү (жапон) «Батыс өңірдің мәдениет тарихы» (қытайша). Үрімжі. 1984. 62-бет.

11. Әлкей Марғұлан. «Таңбалы тас жазуы» «Мұра» журналы. 1984, № 2.

12. Манежима Шинжы. «Жібек жолындағы 99 сыр» (ұйғыр тілінде). Үрімжі. 1986. 112-бет.

13. Ваң Жылай. Орта Азия тарихының очерктері (қытайша). 414-бет.

14. Ханада Торү. Батыс өңірдің мәдениет тарихы (қытайша). Үрімжі. 1984. 62-бет.

15. Ваң Жылай. Орта Азия тарихының очерктері (қытайша). 414-бет.



несториан дінін күшпен үгіттеу дәуірі болды. Батыс Монғолиядағы наймандардың да, шығысындағы керейлердің де несториан мұридтері екенін христиан тарихының деректері де, мұсылман тарихының деректемелері де растайды»<sup>16</sup>, — дейді. Найман ханының хатшысы Тататоңа да тілі несторианшы болған. Оның әрт ұлының аты христианша аталған. Олар: Иохан, Михаил, Ион, михаел, Салибха. Тататоңа өзінің таратуды кәсіп еткен, несториан дінінің ұстазы еді<sup>17</sup>.

Осыған қарап наймандар да XI ғасырдың өзінде-ақ несториан дінін былдаған деп топшылауға бола-

XIII ғасырдың басында Жетісуда Найман Хандығын қайта құрушылықты найман ханзадасы Күшілік ханның Шыңғыс ханнан жеңіліп, қаш Жетісуға келіп Батыс Лияу (қара қытай) хандығына барып малағанда несториан дінімен бірге будда дінін де ұстанғаны тарихшыларға аян. Күшілік хан Жетісудағы билігін нығайтып алғаннан Шығыс Түркістанның бірсыпыра жерлерін, атап айтқанда, Ақсу, Ақсу, Қашқар, Яркент, Хоны аймақтарын құзырына қаратады. Ондағы жергілікті халықты исламнан безіп, будда немесе несториан дініне кіруге зорлайды, Хотанда дінін наразылығына қарамастан құрты «я бут перес, ия болмаса тары болындар» деп, зорлықты діни саясат жүргізеді. Өзінің дегеніне иебеген Алау-иддин қатарлы он ақсүйекті имамды дарға асып өлдіреді<sup>18</sup>. Орта ғасырларда несторианшылар «тарсалар» деп аталғаны белгілі. «Наймандардың Алтай тауының төңірегінде несториан ықыпатымен салынған бір қаласы Тарсат деп аталады. Ондай екінші бір арасакенттің қалдығы Тарсатөбе деп аталаған. Созақ қаласына таяу жерде тұр»<sup>19</sup>, — деп көрсетеді Ә. Марғұлан. Наймандар мен керейлердің бірсыпыра қалаларының аталғаны ортағасырлық авторлардың жазбаларынан мәлім. Айталық, наймандардың Ақбалық (Алтайда), Қамбалық (Ертіс бойында), Най-

мансүме (Батыс Монғолияда), Қиялық (Еміл өңірінде), Найманкүре (Тарбағатай сыртында), ал керейлердің Исах, Қара хото, Хатунсыны, Езен, тағы басқа шахарлары болған. Бұл қала — балықтардың көбі зерттеушілердің жазуынша, христиан үлгісімен салынған. Онда шіркеу-абаттар болған. Қала жұртынан тасқа, қағазға, теріге, жібекке жазылған тарса жазбалары шыққан. Тілі түрікше, сүрияша, кейбірі орхон-Енесей жазуларында жазылған.

Несториан дінін ұстанған белгілі тайпалардың бірі — уақтар. Қытайдың «Сы-хай» энциклопедиялық сөздігінде: «Уақтар (қытайша тарихи жылнамаларда Ван Гу, Вун гу, Ван Ху деп әртүрлі жазылады) — шөл түріктерінен тараған. Лияу, Жинь әулеті дәуірінде бүгінгі ішкі Монғолиядағы Кенгіт тауының солтүстік баурайында (ордос өңірі) көшпелі шаруашылықпен шұғылданған. Ілгері-кейін аталған патшалықтарға тәуелді болып, олардың шекарасын қорғаған. Билеушілер тобы Жинь Жияуға (несториан діні) сенген»<sup>20</sup>, делінген. «Алтайдағы және ішкі Монғолиядағы тайпалар» деген кітапта: «Батыстан шығысқа дейін, бүкіл монғол далаларының шекараларына орналасқан шөл түріктері қытай патшалықтары деп есептелінетін мемлекеттерді құрды. Шөл түріктері деген аты тарихтан түбегейлі өшкеннен кейін де бұл өлкелерде жасаған олардың әулеттері ұзақ уақыт саяси мәнін жоймады. Тіпті онғұттар деген атпен Шыңғыс хан дәуірінде Шыңғыс ханның ең маңызды жол бастаушылары және мәдениет иелері болды»<sup>21</sup>, — деп жазылған. Демек, шөл түріктерінің ұрпағы болған онғұттар Шыңғыс хан жорығында батысқа ауған. Зерттеушілердің көпшілігі, қазақтың орта жүзіндегі уақтарды және кіші жүзіндегі үнгіттерді сол байырғы онғұттардың әулеті деп есептейді.

«Юань тарихы», «Жәмиғат-тауарих», «Марко Полоның саясат естеліктері» қатарлы айтулы тарихи жазбалардың барлығында онғұт-

16. Бартольд. Орта Азияның қысқаша тарихы (қытайша). Үрімжі. 1981. 131-бет.

17. Лю Итан. Үйғырлар туралы зерттеулер. Тайвань. 470-бет.

18. Шыңғыснама (үйғыр тілінде). Үрімжі. 19—21-беттер; Жувеини. Тауарих Жахан Қушай (Әлемді қысқартушының тарихы). қытайша басылым, Пекин. 72-бет.

19. Ә. Марғұлан. Таңбалы тас жазуы. «Мұра» журналы. 1984. №2.

20. Сы-Хай. Энциклопедиялық сөздік. Шанхай. 1979. 2044-бет.

21. Түрсүн Ошир. Татарлардың тегі туралы. Шың Жаң университетінің ғылыми журналы (үйғыр тілінде). 1989. №1.



тардың (уақтардың) несториан мүридтері екендігі айқын жазылған<sup>22</sup>. 1920—1930 жылдары қытайлық Хуан Вэнбэй, жапондық Ига минамио іспетті археологтер ішкі Монғолияның Баи лиң мияу деген жерінен оңғұттардың отыз неше дана несториандық құлпытастарын және жазуларын тапқан. 1929 жылы тағы да Баи лиң мияудың олонсом деген жерінен оңғұттардың бір қаласының ескі жұрты табылады. Оны Американ ғалымы Латимур, жапондық Ига минамо зерттеді. Қала оңғұттардың астанасы өрі мәдениет орталығы болған. Құлпытастарда, шіркеу қабырғалары мен мұнараларда қытайша, түрікше (сүрия және түрік жазуларында) христиан текстері жазылған<sup>23</sup>. Бұл жазба ескерткіштерді ең толығымен жапон ғалымы өзінің «Қытайдағы христиан діні туралы зерттемелер» деген жинағының 13-бөлімінде жариялады.

Несториан дінін ұстанған оңғұттар да ұрпақтарына христианша ат қойған. Мысалы Антон, Иохан, Маркос, тағы басқа. Көпшілігінің фамилиясы Ма немесе Мар болған<sup>24</sup>. Оңғұттардың көпшілігі моңғол шапқыншылығында батысқа ауып кетеді. Өз жерінде қалғандары кейін христианның тағы бір тармағы католик дініне сенген.

Орта ғасырда несториан дініне шоқынған қазақ тайпаларының ішінде жоғарыдағы аталғандардан басқа Жетісудағы шектілер, қарлықтар, қаңлылар, сондай-ақ қыпшақтар бар. Жетісу өңірін 1880 жылдан бері крест белгісі бар, несториан дініне қатысты, жүздеген құлпытастар табылған. Олар сүрия жазуында, сүрия және түркі тілінде жазылған. Түркі тілінде жазылған 13 парша құлпытас тексін атақты түрколог Малов 1959 жылы жария-

лаған. Біз сол ескерткіштердің біреуінің тексімен таныстырып өтейік. «Александр хан эрасы 1623 жыл еді (1312 жыл), түрікше жыл тышқан жылы еді. Бұл қабір мәңгі тасы тайқобызшыныкі жат болсын»<sup>25</sup>. Мұндай құлпытастар шығыс Түркістаннан да молынан табылған. Іледегі ежелгі Алмалық қаласының ескі жұртынан 1953 жылы қытайдың батыс солтүстіктегі мәдениет ескерткіштерін зерттеу экспедициясы, 1958 жылы археолог Хуан Вын Би, 1981 жылы тағы да бір топ археологтар крест белгісі бар, сүрия жазуында жазылған тоғыз дана құлпытас тапты. Бұлар қазір Шың Жаң тарих мұражайында және Қорғас аудандық мәдени ескерткіштерді қорғау-басқару мекемесінде сақтаулы тұр. Олардың тексін әлі ешкім оқып шешкен жоқ. Бәлкім бұлардың да мазмұны Жетісу құлпытастарымен сарындас болса керек. Бұл археологиялық айғақтардан біз Жетісу мен Іледе жасаған қазақ тайпаларының несториан дініне қаншалық дәрежеде берілгендігін аңғара аламыз.

Жалпы орта ғасырларда несториан дінінің көшпелі қазақ тайпаларының арасында таралуы олардың христиан дінімен жақындасып танысуы қазақ тарихындағы ерекше тарихи-мәдени құбылыс болды. Алайда ол қазақ арасында жаппай терең тамыр тартып, біртұтас, бірыңғай ұлттық діни сенімге айнала алған жоқ. Оған әр түрлі тарихи, саяси және жағырапиялық жағдайлар себеп болса керек. Бұл қызықты тақырып Еуразия көшпелілерінің мәдениет және дін тарихы, христиан дінінің тарихы үшін болсын, батыс пен шығыстың байланыстар тарихы үшін болсын зерттеушілердің назарынан тыс қалмай, тіптен терең зерттелуі керек.

22. Шакуш Торо. Баи лиң мияудағы олонсом шіркеуі. Моңғолтану ғылыми материалдары мен хабарлары, 1987 № 4.

23. Бұл да сонда.

24. Бұл да сонда.

25. Қағар барат. Ежелгі ұйғыр-христиан ескерткіштері. Шың Жаң университетінің ғылыми журналы. 1986. № 3.